

Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 бұйрығы
(2017.27.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2016.27.12. № 720 бұйрығымен тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының [5-бабының 27\) тармақшасына](#) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2016.27.12. № 720 бұйрығымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1. Қоса беріліп отырған Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру [қағидалары](#) бекітілсін.

2. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік [тіркелуін](#) қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Мыналардың:

1) «Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдарды әзірлеу, сараптама жасау және басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 17 қарашадағы № 527 [бұйрығының](#) (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылы 24 қарашада № 6653 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2011 жылғы 11 қаңтардағы № 6-7 (26409) жарияланған);

2) «Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдарды әзірлеу, сараптама жасау және басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 17 қарашадағы № 527 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 қыркүйектегі № 398 [бұйрығының](#) (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 6 қазанда № 7242 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2011 жылғы 19 қазандағы № 503-504 (26896) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр М.Н. Сарыбековке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми [жарияланғаннан](#) кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жұмағұлов

ҚР Білім және ғылым министрінің 2015.28.04. № 263 бұйрығымен қағида жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 24 шілдедегі
№ 344 [бұйрығымен](#) бекітілген

Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [5-бабының 27\) тармақшасына](#) сәйкес әзірленді және оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарды дайындау, сараптау, сынақтан өткізу, мониторинг жүргізу және басып шығару тәртібін анықтайды.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.06.05. № 308 бұйрығымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара); ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2016.27.12. № 720 бұйрығымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2017.27.12. № 651 бұйрығымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Осы Қағидаларда келесі ұғымдар қолданылады:

1) автор - шығармашылық еңбегімен ғылым, әдебиет, өнер туындыларын, соның ішінде оқу және/немесе әдістемелік материалдарды жасаған жеке тұлға;

2) авторлық ұжым - серіктес авторлар ретінде жинақталған жеке тұлғалар тобы;

3) әдіскер - нақты оқу пәнін (оқу пәндерін) оқыту әдістемесі саласының маманы;

4) әзірлеуші - оқу әдебиеттерінің мазмұнын жобалаумен, мазмұндаумен және ресімдеумен айналысатын жеке немесе заңды тұлға;

5) баспа - баспа өнімін дайындау мен басып шығаруды жүзеге асыратын кәсіпорын;

6) бірыңғай базалық оқулық - бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда міндетті түрде пайдаланылатын оқулық;

7) жұмыс беруші - қызметкер еңбек қатынасында тұрған жеке немесе заңды тұлға;

8) қағаз жүзіндегі оқулықтың электрондық нұсқасы - құрылымы, мазмұны және көркем безендірілуі оқулықтың баспа формасына сәйкес келетін электрондық басылым;

9) қосымша әдебиет - Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі - ҚР МЖБС), үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын іске асыруға ықпал ететін, оқулық пен оқу-әдістемелік кешен жиынтығына кірмейтін басылым;

10) қосымша пайдалануға арналған оқулық - бірыңғай базалық оқулыққа көмекші оқу материалы ретінде пайдаланылатын қосымша оқу басылымы;

11) оқу әдебиеттеріне ғылыми және педагогикалық сараптама жасау - оқу басылымы мазмұнының ҚР МЖБС талаптарына, үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларына, қазіргі ғылыми ұстанымдарға, ал әдістемелік аппараттың білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту мақсаттарына, психологиялық-педагогикалық ғылым талаптарына сәйкестігін бағалау;

12) оқулық - оқу пәнін (пәнді) жүйелі баяндайтын, ҚР МЖБС, үлгілік оқу жоспарына және үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келетін және осы оқу басылымының түрі ретінде ресми бекітілген оқу басылымының түрі;

13) оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сынақтан өткізу - білім беру ұйымдарының оқыту процесінде оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдардың пайдалану практикасын кешенді зерделеу;

14) оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар мониторингі - оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды білім беру процесіне енгізу нәтижелері жөніндегі ақпаратты жинақтау, сақтау, өңдеу және тарату;

15) оқу әдебиеті - білімдік, сонымен бірге рухани-адамгершілік және тәрбиелеу мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған, жеке және (немесе) олардың жиынтығы бойынша барлық қабылданған оқу басылымдарының түрлерін қамтитын әртүрлі білім саласындағы баспа шығармалар;

16) оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) - білім алушының оқу пәні (пәндер) бойынша білім мазмұнын меңгеруін қамтамасыз етуге бағытталған және оқулыққа ілеспе болатын жекелеген оқу және әдістемелік басылымдардың жиынтығы;

17) оқу басылымы - нақты білім беру (оқу) бағдарламасы бойынша білім беру процесінде пайдалануға арналған басылым;

18) оқу-әдістемелік құрал (бұдан әрі - ОӘК) - оқыту пәнін, оның тарауын, бөлігін оқыту және меңгеру немесе тәрбиенің әдістемелері бойынша материалдарды қамтитын оқу басылымының түрі;

19) оқулыққа электрондық қосымша (бұдан әрі - ЭҚ) - мультимедиялық элементтерді, практикалық және бақылау жұмыстарын қолдана отырып, оқулықтың мазмұнын кеңейтетін және/немесе толықтыратын электрондық интерактивті оқу материалы;

20) педагог-практик - педагогикалық білімі бар, оқу-әдістемелік қызметтің технологиясын еркін меңгерген, бірнеше жылдар аралығында кәсіби қызметте жоғары нәтижелерге қол жеткізген білім беру ұйымындағы лауазымды тұлға;

21) сарапшы - сараптама жүргізуге тартылатын, білім беру, ғылым, техника және басқа да салаларда кем дегенде бес жыл еңбек өтілі және тиісті біліктілігі бар жеке тұлға;

22) түпнұсқа-макет - болашақ басылымның тиісті бетіне әр беті толығымен сәйкес келетін, сыртқы элементтері мен құрылымы бойынша аяқталған кітаптың түпнұсқасы;

23) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

24) электрондық жеткізгіштердегі оқу басылымы - оқытуды автоматтандыруға арналған, оқу курсына сәйкес келетін және оқу жұмыстарының әр алуан түрлерін қамтамасыз ететін, сандық, мәтіндік, графикалық, аудио, видео және өзге ақпараттың жиынтығы ретінде ұсынылған басылымдар. Электрондық басылым электрондық жеткізгіште орындалуы, сонымен бірге интернет-ресурстарда орналастырылуы мүмкін. Электрондық оқу басылымдарына келесілер кіреді: электрондық оқулық, электрондық оқу құралы, электрондық оқу-әдістемелік кешен, видео-, аудио- материалдар, сандық білім беру ресурстары, виртуалды зертханалар және т.б.

2. Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды дайындау тәртібі

ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2017.27.12. № 651 [бұйрығымен](#) 3-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

3. Оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ дайындауды өз бетінше автор, авторлық ұжым немесе баспа ұйымдастырады.

Орта білім беру ұйымдары үшін авторлық ұжым ғалымдар, әдіскерлер және мұғалімдер қатарынан қалыптасады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.06.05. № 308 [бұйрығымен](#) 4-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

4. Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды дайындау ҚР МЖБС-ға, үлгілік оқу жоспарларына, оқу пәні (пәндері) бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына, психологиялық-педагогикалық және дидактикалық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

5. Автор, авторлық ұжым оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды дайындау бойынша өз қызметін келесі талаптарды ескере отырып жүзеге асырады:

- 1) оқу пәні (пәндері) бойынша неғұрлым өзекті білімдерді енгізу;
- 2) ұсынылған оқу және әдістемелік материалдардың дұрыстығы;
- 3) білім алушылардың жас, психологиялық және физиологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін есепке алу;
- 4) оқу материалы мазмұнының кәсіби бағыттылығы.

ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2016.27.12. № 720 бұйрығымен (бұр.ред.қара); 2017.27.12. № 651 бұйрығымен (бұр.ред.қара) 6-тармақ жаңа редакцияда

6. Уәкілетті орган білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ, оның ішінде электронды жеткізгіштегілерге авторлық ұжым оқу әдебиеттері сапасының мониторингі нәтижелерін ескере отырып өңдейді.

3. Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптамадан өткізу тәртібі

ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2016.27.12. № 720 бұйрығымен 7-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

7. Уәкілетті орган барлық білім беру деңгейлеріне арналған оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарға, оның ішінде электронды жеткізгіштегілерге ғылыми және педагогикалық сараптама бойынша тақырыптық жоспарды (бұдан әрі - тақырыптық жоспар) келесі жылға ағымдағы жылдың желтоқсанына дейін бекітеді, ол «Оқулық» орталығының сайтында бекітілген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде орналастырылады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.06.05. № 308 бұйрығымен 8-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

8. «Оқулық» орталығы оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарға ғылыми және педагогикалық сараптаманы жүргізеді.

9. Тақырыптық жоспарға енгізілген оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарға, соның ішінде электрондық жеткізгіштердегі ғылыми және педагогикалық сараптама жасау республикалық бюджет есебінен жүргізіледі.

Тақырыптық жоспарға енгізілмеген оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарға, соның ішінде электрондық жеткізгіштердегі ғылыми және педагогикалық сараптама жасау әзірлеушінің есебінен жүргізіледі.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.06.05. № 308 бұйрығымен (бұр.ред.қара); ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2017.27.12. № 651 бұйрығымен (бұр.ред.қара) 10-тармақ жаңа редакцияда

10. Оқулықтарға, ОӘК мен ОӘҚ, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі ғылыми және педагогикалық сараптаманы сараптау комиссиясы жүргізеді.

Сараптау комиссиясының құрамына: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлері үшін ғалымдар, жоғары және бірінші санатты мұғалімдер; техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру деңгейі үшін - ғалымдар мен техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарының оқытушылары, өндіріс, кәсіпорын және басқа да ұйым өкілдері; жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі үшін - ғалымдар, жоғары оқу орындарының оқытушылары, өндіріс, кәсіпорын және басқа да ұйым өкілдері енеді.

Сараптау комиссиясы сараптамалық шешім шығарады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.06.05. № 308 бұйрығымен (бұр.ред.қара); ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2016.27.12. № 720 бұйрығымен (бұр.ред.қара) 11-тармақ жаңа редакцияда

11. Уәкілетті орган оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды, оның ішінде электронды жеткізгіштегілерді сараптамаға қабылдауды мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлері үшін ағымдағы жылғы қаңтар мен шілде аралығындағы кезеңде, техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейлері үшін ағымдағы жылғы қаңтар мен қазан аралығындағы кезеңде ұйымдастырады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.06.05. № 308 бұйрығымен (бұр.ред.қара); ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2016.27.12. № 720 бұйрығымен (бұр.ред.қара) 12-тармақ өзгертілді

12. Оқу әдебиетінің авторы, авторлық ұжымы, баспасы және әзірлеушілері «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) немесе уәкілетті орган арқылы «Оқулық» орталығына келесі материалдарды жібереді:

1) оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарға сараптама жүргізу туралы өтініш;

Өтініште оқу әдебиетінің титул парағына сәйкес автор(лар)дың аты-жөні мен тегі, ҚР МЖББС-дағы (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің үлгілік оқу жоспарлары) оқу пәнінің (пәндерінің) атына сәйкес атауы, сыныбы (курсы), басылым тілі, шыққан жылы, басылған орны көрсетіледі. Өтініште сонымен бірге жұртшылықтың кең ауқымының қол жеткізуі үшін «Оқулық» орталығының интернет-ресурсында қағаз жүзіндегі оқулықтың электрондық нұсқаларын орналастыру туралы өтініші көрсетіледі («Жоба» белгісімен PDF форматында).

Қайта әзірленген оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар үшін өтінішке әзірлеушілер (авторы, авторлық ұжым) туралы мәліметтер және байланыс телефондары қоса беріледі.

2) ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2016.27.12. № 720 [бұйрығымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

3) оқулықтың (соның ішінде оның электрондық нұсқасы PDF форматта), ОӘК, ОӘҚ, ЭҚ түпнұсқа-макеттерінің және қорапта соңғы тұтынушыға арналған электрондық жеткізгіштердегі оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар CD (DVD)-дискінің үш данасы;

4) техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар үшін пән бойынша оқу бағдарламасы;

5) оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарға түсіндірме жазба.

Түсіндірме жазба қайта дайындалған басылым үшін негізгі тұжырымдамалық ойларынан, өзектілік деңгейін бағалаудан, әзірлеменің жаңашылдығынан, ҚР МЖББС-ны, үлгілік оқу бағдарлама талаптарын іске асырудан, қайта басылған оқу басылымдары үшін - автордың (авторлық ұжымның) енгізген өзгерістері мен толықтыруларынан тұруы тиіс.

б) үш пікір: пән бойынша педагог-практиктің, пән бойынша әдіскердің, ғалымның.

Пікірде автордың білім беру ұйымдарында білім беру деңгейіне байланысты оқу басылымына ішінара сынақтан өткізу нәтижелері, басылымның мақсатты арналуы көрсетіледі;

7) техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білімнің оқу басылымдары үшін - техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарының республикалық оқу-әдістемелік бірлестік шешімінен үзінді, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдары үшін - мамандықтардың топтары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктің шешімінен үзінді;

8) электрондық жеткізгіштердегі оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар үшін - пайдаланушыларға арналған орнату және басшылыққа алу нұсқаулығы еркін нысанда;

9) төлемді растайтын құжат (сараптаманы ақылы негізде өткізген жағдайда).

ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2016.27.12. № 720 бұйрығымен 13-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

13. Мемлекеттік корпорация немесе уәкілетті орган ұсынылған материалдардың толықтығын осы Қағидалардың [12-тармағына](#) сәйкес анықтайды.

Мемлекеттік корпорация немесе уәкілетті орган бес күнтізбелік күн ішінде келіп түскен материалдарды сараптама өткізу үшін «Оқулық» орталығына жібереді.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.06.05. № 308 бұйрығымен 13-1-тармақпен толықтырылды; ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2016.27.12. № 720 бұйрығымен 13-1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

13-1. Мемлекеттік корпорация немесе уәкілетті орган Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының [19 және 19-1-бабының 1\) және 2\) тармақшаларына](#) сәйкес сараптаманы өткізу үшін материалдарды қабылдаудан бас тартады.

14. Ғылыми және педагогикалық сараптаманы өткізу уәкілетті органнан «Оқулық» орталығы материалдарды қабылдаған күннен бастап күнтізбелік алпыс күн ішінде ұйымдастырылады және жүргізіледі.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2015.24.12. № 704 бұйрығымен 15-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара); ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2016.27.12. № 720 бұйрығымен (бұр.ред.қара); 2017.27.12. № 651 бұйрығымен (бұр.ред.қара) 15-тармақ жаңа редакцияда

15. Оқулықтарға, ОӘК мен ОӘҚ, оның ішінде электронды жеткізгіштегілерге ғылыми және педагогикалық сараптама өткізу ҚР МЖБС-ға, үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларына, ал әдістемелік аппараттың - білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу мен дамыту мақсаттарына, психология-педагогика ғылымының қазіргі заманғы талаптарына сәйкестігін бағалау мақсатында жүргізіледі.

«Оқулық» орталығы мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіне арналған оқулықтар, ОӘК, ОӘҚ-ге келесі қайта басып шығарылғанға дейін сынақ алды және сынақтан кейінгі сараптама өткізеді.

Қоғамдық бағалау жүргізу үшін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіне арналған оқулықтар сараптама жүргізу барысында оның электронды нұсқасы «Оқулық» орталығының интернет-ресурсында орналастырылады.

«Оқулық» орталығы қоғамдық бағалау порталына түскен ескертулер мен ұсыныстарға мониторинг жүргізіп, оларды кемшіліктерді жою мақсатында баспаларға жібереді.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.06.05. № 308 бұйрығымен 16-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара); ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2017.27.12. № 651 бұйрығымен 16-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

16. Сараптамалық шешім негізінде «Оқулық» орталығы сараптама қорытындысын дайындайды.

Сараптама нәтижелері бойынша сараптама қорытындысы келесі тұжырымдардың бірін қамтиды:

1) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейіне арналған оқулықтарға, ОӘК мен ОӘҚ, соның ішінде электрондық жеткізгіштерде:

оң сараптамалық шешім алған жағдайда - «білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылады», ал сынаққа жолданатын оқулықтарға, ОӘК мен ОӘҚ - «білім беру ұйымдарында сынақтан өткізуге ұсынылады»;

сараптамалық шешімде жоюды қажет ететін ескертулер болған жағдайда - «өндеуді қажет етеді», оның ішінде сынаққа жіберілетін оқу әдебиеттері үшін;

теріс сараптамалық шешім алған жағдайда - «білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылмайды», сонымен бірге сынаққа жіберілетін оқу әдебиеттеріне - «білім беру ұйымдарында сынақтан өткізуге ұсынылмайды».

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейінің оқулықтары, ОӘК мен ОӘҚ үшін, оның ішінде электрондық жеткізгіштерде - «білім беру ұйымдарына пайдалануға ұсынылады»;

сараптамалық шешімде жоюды қажет ететін ескертулер болған жағдайда - «Өндеуді қажет етеді»;

теріс сараптамалық шешім алған жағдайда - «білім беру ұйымдарына пайдалануға ұсынылмайды».

ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2016.27.12. № 720 бұйрығымен 17-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

17. Мемлекеттік корпорация немесе уәкілетті орган авторға (авторлық ұжымға) немесе баспаға сараптама нәтижелерін береді.

ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2016.27.12. № 720 бұйрығымен 18-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

18. Оқулық» орталығының сараптама қорытындысына сәйкес автор (авторлық ұжым) немесе баспа өндеуді талап ететін оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды өндеуден кейін Мемлекеттік корпорацияға немесе уәкілетті органға қайта сараптама өткізуге сараптамалық шешімді алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ұсынылады. Екінші рет қайтарылған немесе білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылмаған оқу басылымдары ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде сараптамаға қабылданбайды.

19. Сараптамаға ұсынылған оқу басылымы әзірлеушіге қайтарылмайды.

4. Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сынақтан өткізу және мониторинг жүргізу тәртібі

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.06.05. № 308 бұйрығымен (бұр.ред.қара); ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2017.27.12. № 651 бұйрығымен (бұр.ред.қара) 20-тармақ жаңа редакцияда

20. Оқулықтар, ОӘК мен ОӘҚ бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған білім мазмұны бойынша сынақтан өтеді.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.06.05. № 308 бұйрығымен 20-1-тармақпен толықтырылды

20-1. Оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарға сынақ өткізу республикалық және жергілікті бюджет қаражаты және әзірлеушінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.06.05. № 308 бұйрығымен 20-2-тармақпен толықтырылды; ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2016.27.12. № 720 бұйрығымен (бұр.ред.қара); ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2017.27.12. № 651 бұйрығымен (бұр.ред.қара) 20-2-тармақ жаңа редакцияда

20-2. Уәкілетті орган оқулықтарға, ОӘК мен ОӘҚ сынақ өткізетін эксперименттік білім беру ұйымдарының тізімін және оқулықтар мен ОӘК тізбесін қалыптастырады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.06.05. № 308 бұйрығымен 20-3-тармақпен толықтырылды

20-3. Министрлік сынақ өткізудің мерзімін белгілейді және сынақты өткізуге жауапты ұйымды анықтайды.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.06.05. № 308 бұйрығымен 21-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

21. Оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарға сынақ нәтижелерін сынақты өткізуге жауапты ұйымдар «Оқулық» орталығына тапсырады.

22. «Оқулық» орталығы оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдардың сынақтан өткен материалдарына талдау жасайды, Республикалық комиссия қарауына талдамалық анықтама әзірлейді.

23. Уәкілетті орган мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім деңгейлері оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдардың мониторингін оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдардың сапасын бағалау мен білім беру ұйымдарының оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етілуін талдау мақсатында жүргізіледі.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.06.05. № 308 бұйрығымен (бұр.ред.қара); ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2016.27.12. № 720 бұйрығымен (бұр.ред.қара) 24-тармақ жаңа редакцияда

24. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармалары жыл сайын оқу процесінде қолданыстағы оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің сапасы және оларға сұраныс бойынша «Оқулық» орталығына ақпарат береді.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.06.05. № 308 бұйрығымен (бұр.ред.қара); ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2016.27.12. № 720 бұйрығымен (бұр.ред.қара); 2017.27.12. № 651 бұйрығымен (бұр.ред.қара) 25-тармақ жаңа редакцияда

25. Уәкілетті орган оқулықтар мониторингінің нәтижелері бойынша білім беру ұйымдары тарапынан сұраныссыз қалған оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесінен (бұдан әрі - Тізбе) алып тастау туралы шешім қабылдайды.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.06.05. № 308 бұйрығымен 26-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара); ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2016.27.12. № 720 бұйрығымен (бұр.ред.қара); 2017.27.12. № 651 бұйрығымен (бұр.ред.қара) 26-тармақ жаңа редакцияда

26. Уәкілетті орган оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ні, оның ішінде электронды жеткізгіштегілерді, сараптама және сынақ жүргізу нәтижелерін қарастыру жөніндегі Республикалық комиссияны (бұдан әрі - Республикалық комиссия) құрады.

Республикалық комиссияның құрамы уәкілетті органның бірінші басшысымен бекітіледі.

Республикалық комиссияның құрамына білім беру саласында жұмыс тәжірибесі бар мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың, педагогикалық және ғылыми қоғамдастықтың өкілдері кіреді.

Уәкілетті орган оқулықтардың, ОӘК мен ОӘҚ-нің, оның ішінде электронды жеткізгіштегілердің сараптама, сынақ нәтижелерін қарастыру және Республикалық комиссияға ұсыныс енгізу үшін пәндік комиссияларды құрады.

Пәндік комиссиялардың отырысы жылына екі реттен кем емес өткізіледі.

Пәндік комиссиялар құрамы мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен, ғалымдар, әдіскерлер мен педагог-практиктерден құрылады.

Пәндік комиссиялар:

1) мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлеріне арналған оқулықтарға сараптама жасайды және бірыңғай базалық оқулықты анықтау үшін деңгейге бөлу жұмыстарын жүргізеді;

2) оқулықтардың, ОӘК мен ОӘҚ сараптама, сынақ, оқулықтар сапасын қоғамдық бағалаудың аралық және соңғы қорытындыларын қарастырады;

3) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған оқулықтардың, ОӘК мен ОӘҚ-ні, оның ішінде электронды жеткізгіштегілерді сараптамалық бағалау, сынақтан өткізу және деңгейге бөлу қорытындыларын Республикалық комиссияның қарауына енгізеді.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.06.05. № 308 бұйрығымен 27-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара); ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2016.27.12. № 720 бұйрығымен (бұр.ред.қара); 2017.27.12. № 651 бұйрығымен (бұр.ред.қара) 27-тармақ жаңа редакцияда

27. Республикалық комиссия:

1) пәндік комиссиялар жұмысының қорытындыларын қарастырады;

2) оқу басылымының мазмұнын бағалау критерийлері негізінде пәндік комиссиялардың ұсыныстарын, сондай-ақ оқулықтардың бағасын есепке ала отырып, оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ні, оның ішінде бірыңғай базалық оқулықтарды іріктеуді жүзеге асырады;

3) оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ні, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерді оқу процесінде пайдалану туралы мынадай шешімдерді қабылдайды:

«білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылады»;

«білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылмайды»;

«білім беру ұйымдарында бірыңғай базалық оқулық ретінде пайдалануға ұсынылады»;

«білім беру ұйымдарында қосымша қолдануға арналған оқулық ретінде пайдалануға ұсынылады»;

4) Тізбеге енгізу үшін ұсынылған оқу әдебиеттері тізімін Министрліктің қарауына және бекітуіне ұсынады;

5) оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ні дайындау, сараптау, сынақтан өткізу, мониторинг жүргізу және басып шығару тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындайды және енгізеді.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.06.05. № 308 бұйрығымен (бұр.ред.қара); ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2016.27.12. № 720 бұйрығымен (бұр.ред.қара) 28-тармақ жаңа редакцияда

28. Республикалық комиссияның отырысы қажеттілігіне қарай өткізіледі.

Отырыс Республикалық комиссия мүшелерінің жартысынан көп бөлігі қатысқанда заңды болып табылады.

Республикалық комиссияның шешімі қайта қарастырылмайды.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2015.24.12. № 704 бұйрығымен 29-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара); ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.06.05. № 308 бұйрығымен (бұр.ред.қара); ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2017.27.12. № 651 бұйрығымен (бұр.ред.қара) 29-тармақ жаңа редакцияда

29. Тізбеге бір оқу пәні бойынша бестен артық емес балама оқулықтар, ОӘК мен ОӘҚ енгізіледі.

Уәкілетті орган бекіткен Тізбе www.edu.gov.kz интернет-ресурсына орналастырылады.

5. Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдарды басып шығару тәртібі

30. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдары үшін оқу әдебиеттерін басып шығару Тізбеге сәйкес жүзеге асырылады.

31. Тізбеге енген оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар әзірлеушінің қаражаты есебінен басылып шығарылады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.06.05. № 308 бұйрығымен 32-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

32. Уәкілетті органның «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етіледі» деген грифі мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлерінің оқу әдебиеттері үшін келесі төрт оқу жылы ішінде, арнайы білім беру ұйымдары үшін келесі алты оқу жылы ішінде қолданыста болады, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейлерінің оқу әдебиеттері үшін шектелмейді.

33. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдар үшін оқу әдебиеттерін басып шығару «Оқулық» орталығының оң сараптамалық шешімі негізінде республикалық бюджеттің, оқу орнының немесе автордың, авторлар ұжымының немесе баспаның қаражаты есебінен жүзеге асырылады.